

**Жамбыл облысы Жуалы ауданының әкімдігі білім бөлімінің "№ 7 Жетітөбе орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 360 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысы Жуалы ауданының әкімдігі білім бөлімінің "№ 7 Жетітөбе орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жамбыл облысы Жуалы ауданының әкімдігі білім бөлімінің "Тұрсын Әкімов атындағы № 7 орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*